



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 17 қыркүйек
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 454
город Астана

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2025 жылғы 5 қыркүйектегі № КГИП-02-КГ/9220 хатына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 328 бұйрығымен бекітілген «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қоғам тіркеу органдарында Қоғамның Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу бойынша шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2025 жылғы «17» *қыркүйектің*
№ 454 бұйрығымен бекітілген

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 328 бұйрығымен бекітілген «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Жарғының титул парағы осы өзгерістерге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Жарғының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі – Қоғам) оның атауын, тұрған жерін, Қоғамның ұйымдастырылуы және қызмет етуінің құқықтық негіздерін, оның органдарының құрылу реті мен құзыретін, оның қызметінің қайта құрылуы мен тоқтатылуы шартын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа жағдайларды анықтайтын құрылымдық құжат болып саналады.».

3. Жарғының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғамның атауы:

толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Некоммерческое акционерное общество «Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова»;

3) ағылшын тілінде: Non-profit limited company «Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov».

Қыскартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ» КеАҚ;

2) орыс тілінде: НАО «КарНИУ имени академика Е.А. Букетова»;

3) ағылшын тілінде: NLC «Buketov Karaganda National Research University».

4. Жарғының 15-тармағы мынадай редакцияда жазылып:

«15. Қоғам өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік мүлік», «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа ала отырып іске асырады.».

5. Жарғының 26-тармағының 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен каржылық есептілікті ұсыну;»

6. Жарғының 26-тармағы 20), 21), 22) тармақшалармен мынадай редакцияда толықтырылсын:

«20) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мазмұнын тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан төмен болмайтындай етіп өзі дербес айқындау;

21) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежелерін тағайындау;

22) білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды береді.».

**«Академик Е.А. Бөкетов
атындағы Қарағанды
университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер мен
толықтыруларға қосымша**

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2025 жылғы «__» _____
№ _____ бұйрығымен бекітілген

**«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ҰЛТТЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Қарағанды қаласы, 2025 жыл